




АЭА
АҚТАУ
ТЕҢІЗ ПОРТЫ

«АҚТАУ ТЕҢІЗ ПОРТЫ»
АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚ

Инвестор НҰСҚАУЛЫҒЫ




СІЗДІҢ
ЖЕТІСТІГІҢІЗДІҢ
АУМАҒЫ





Біздің миссиямыз

- Арнайы экономикалық аймақ (әрі қарай - АЭА) қатысушылары үшін ұсынылатын қызметтердің жоғары сапасын қамтамасыз ете отырып, Маңғыстау облысында өнеркәсіптің негізгі салаларын тарту, ілгерілету және қолдау;
- АЭА аумағында өңдеу өнеркәсібінің тиімділігі жоғары өндірістерді дамытудың ең жоғары деңгейін қамтамасыз ету.



Біздің мақсатымыз

Инфрақұрылымды дамыту.

Инфрақұрылымды жетілдіру жолымен инвестициялық жобалар үшін жағдайлар жасау

«Ақтау теңіз порты» АЭА толтырылуын қамтамасыз ету.

Маркетингтік іс-шаралар өткізу арқылы АЭА танылуын арттыру жолымен инвестициялар көлемінің өсуін және толтырылуын қамтамасыз ету.

Басқару стандарттарын жетілдіру (бизнес-процестерді оңтайландыру және «Ақтау теңіз порты» АЭА қатысушыларымен тиімді қарым-қатынасты қамтамасыз ету).

2022 жылға қарай «Ақтау теңіз порты» АЭА корпоративтік басқарудың танылған деңгейі бар жетекші компаниялар қатарына шығуға ұмтылады.

Салықтық жеңілдіктер мен преференциялар

Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес АЭА қатысушыларына жер салығы (0%); арнайы экономикалық аймақтың аумағында орналасқан және қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын салық салу объектілері (салық салу объектілері) (0%) бойынша бюджетке төленуге жататын мүлік салығы (0%) және жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы (0%); АЭА қатысушыларына арнайы экономикалық аймақтың аумағында орналасқан және қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын табыстары бойынша корпоративтік табыс салығы (0%); арнайы экономикалық аймақтарды құру мақсаттарына жауап беретін қызметті жүзеге асыру кезінде толық тұтынылатын, арнайы экономикалық аймақтың аумағында өткізілетін тауарлардың қосылған құн салығы бойынша (0%); Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделген тәртіппен кедендік төлемдер мен алымдарға қолданылмайды.



Қызметтің басым түрлері

- тұрмыстық электр аспаптарын жасау;
- былғары және оған қатысты өнімдер өндіру;
- химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру;
- резеңке және пластмасса бұйымдарын жасау;
- өзге де металл емес минералды өнім өндіру;
- металлургия өнеркәсібі;
- дайын металл бұйымдарын жасау;
- машиналар мен жабдықтарды жасау;
- мұнай-химия өнімдерін өндіру;
- негізгі фармацевтикалық өнімдер және препараттар өндіру;
- қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі;
- электр моторларын, генераторлар, трансформаторлар, электр таратқыш және бақылау аппаратурасын жасау;
- электр өткізгіштерді және электр өткізгіш аспаптарын жасау;
- жобалау-сметалық құжаттамаға шегінде қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған объектілерді салу және пайдалануға беру;
- "AKTAU RESORT HOTEL" көпфункционалды кешенін жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес салу және пайдалануға беру;
- деректерді өңдеу, қосымшаларды (қолданбалы бағдармаларды) орналастыру және осымен байланысты қызметтер; веб-порталдардың қызметі;
- аквадақыл;
- жылу электр станцияларымен электр энергиясын өндіру;
- электр энергиясын беру;
- электр энергиясын тарату.
- тұрғын және тұрғын емес ғимараттардың құрылысы;
- қонақ үйлердің және тұруға арналған ұқсас орындардың қызметтер көрсетуі;
- меншікті немесе жалға алынған жылжымайтын мүлікті жалға алу және басқару;
- демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру жөніндегі қызмет.

АЭА қатысушысы болу және жобаны қалай сәтті жүзеге асыру керек?

Сіздердің назарларыңызға әлеуетті инвесторларға толық ақпараттық және консультациялық қолдау мақсатында әзірленген әдістемелік құрал ұсынылған. Мұнда сіз жобаның тіркеуден бастап пайдалануға берілгенге дейінгі сұрақтарға жауап таба аласыз.

Біз осында баяндаған ақпарат Сізге қажетті рәсімдерді тиімді және қысқа мерзімде өтуге көмектеседі деп үміттенеміз. Және де, әрқашан инвесторларға жан-жақты қолдау көрсетуге дайынбыз.

АЭА қатысушысы бола алмайтындар қатарында:

1. жер қойнауын пайдаланушылар;
2. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 462-бабының 6) тармақшасында көзделген акцизделетін тауарларды өндіруді, құрастыруды (жинақтауды) жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда, акцизделетін тауарларды өндіретін ұйымдар;
3. арнаулы салық режимдерін қолданатын ұйымдар мен дара кәсіпкерлер;
4. 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін инвестициялар жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен жасалған, аяқталмаған келісімшарттар бойынша - инвестициялық салықтық преференцияларды қолданатын ұйымдар;
5. Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық басым жобаны және инвестициялық стратегиялық жобаны іске асыратын (іске асырған) ұйымдар;
6. ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдар жатпайды.



МАЗМҰНЫ

Жобаны іске асыру тәртібі _____	6
Қатысушы мәртебесін алу рәсімі _____	7
Өтініш беруші тапсыратын құжаттар _____	8
Жер учаскесін ресімдеу тәртібі, техникалық шарттарды беру _____	9
Эскиздік жобаны келісу рәсімі _____	10
Жобаға сараптама жүргізу тәртібі _____	11
Өндірістік объектіні пайдалануға беру тәртібі _____	12
Инвестор үшін Байланыс ақпараты _____	13

«Ақтау теңіз порты» АЭА аумағында жобаны іске асыру тәртібі

1. АЭА қатысушысы мәртебесін алу

- Құжаттарды жинау мен тапсыру
- Инвестициялық комиссия өткізу
- АЭА қатысушысы ретінде қызметті жүзеге асыру туралы шарт жасасу
- Арнайы экономикалық аймақ қатысушыларының тізілімінде АЭА қатысушысы ретінде тіркелу
- АЭА қатысушысы ретінде тұлғаны тіркеу туралы куәлік беру
- АЭА тіркеу орны бойынша аумақтық Мемлекеттік кірістер органында компанияны тіркеу
- Жер учаскесін қосалқы жалға алу шартын жасау
- АЭА тіркеу орны бойынша кеден органында компанияны тіркеу
- Жер учаскесін қосалқы жалдау шартын әділет органдарында тіркеу

2. Объектіні жобалау

- Техникалық шарттарды алу
- Эскиздік жобаны келісу
- Сәулет-жоспарлау тапсырмасын алу
- Жобалық-сметалық құжаттама (ЖСК) әзірлеу және жұмыс жобасын келісу
- Қоғамдық тыңдауды өткізу (Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес)
- Сараптама ұйымынан оң қорытынды алу

3. Нысанның құрылысы

- Құрылыс мердігерін анықтау
- Авторлық және техникалық қадағалау шартқа қол қою
- Жер жұмыстарын жүргізуге ордер алу
- Құрылыстың басталуы туралы хабарлау
- Құрылыс кезеңі


4. Салынған объектіні пайдалануға беру

- Объектінің техникалық паспортын алу
- Пайдалануға беру актісін алу
- Объектіні пайдалануға беру
- Нысанға мекен-жай беру
- Нысанды әділет органдарында тіркеу



«Ақтау теңіз порты» АЭА қатысушысы мәртебесін алу рәсімі:

1. АЭА басқарушы компаниясына өтінім беру;
2. Жоба барлық талаптарға сәйкес келген жағдайда он жұмыс күні ішінде инвестициялық шарт жасасу;
3. АЭА қатысушысының куәлігін беру.



Арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы ретінде қызметті жүзеге асыру және оны арнайы экономикалық аймақ қатысушыларының бірыңғай тізіліміне енгізу үшін өтініш беруші беретін құжаттар

1. уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша өтініш берушінің сауалнамасы;
2. заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;
3. өтініш берушінің бірінші басшысының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
4. заңды тұлға жарғысының көшірмесі;
5. заңды тұлғаның жоғары органының арнайы экономикалық аймақ аумағында қызметті жүзеге асыру туралы шешімінің көшірмесі;
6. өтініш берушінің бірінші басшысы немесе оны алмастыратын адам, сондай-ақ бас бухгалтер (бухгалтер) қол қойған, соңғы есептік күнге қаржылық есептіліктің көшірмесі;
7. жобаның уәкілетті орган белгілеген талаптарға сай келетін техникалық-экономикалық негіздемесі қоса беріледі.
Ақпараттық-коммуникациялық және инновациялық технологиялар саласында арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы ретінде қызметті жүзеге асыруға өтініш берілген кезде жобаның негіздемесі қоса беріледі;
8. қызмет көрсететін банктің өтініш берушінің банктік шоттары бойынша ақша қозғалысы туралы үзінді көшірмесі және кредиттік бюродан алынатын кредиттік есеп;
9. тіркеу есебіне қойылған жері бойынша мемлекеттік кіріс органының салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектің бар немесе жоқ екені туралы анықтамасы қоса беріледі.

Егер заңды тұлға құжаттарды беру кезінде Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған және Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде тіркелмеген жағдайда, онда мемлекеттік кіріс органдарында салық төлеуші ретінде мемлекеттік тіркеуде жоқ екендігі туралы анықтаманың көшірмесі ұсынылады.

Шетелдік заңды тұлғалар осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген, заңдастырылған құжаттарды, сауда тізілімінен заңдастырылған үзінді көшірмені немесе шетелдік заңды тұлғаның шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын, заңдастырылған басқа құжатты қазақ және орыс тілдеріне нотариат куәландырған аудармасымен бірге ұсынады.



Жер учаскесін ресімдеу

1. «Ақтау теңіз порты» АЭА» АҚ-мен жер учаскесіне қосалқы жалдау шартын жасасу;
2. Жер учаскесін қосалқы жалдау шартын әділет органдарында тіркеу.

«Ақтау теңіз порты» АЭА аумағында инженерлік желілерге қосылуға техникалық шарттар беру

1. «Ақтау теңіз порты» АЭА» АҚ атына өндіріс үшін қажетті энергия ресурстарының көлемін көрсете отырып өтінім жолдау*.
2. Жұмыс жобасын әзірлегеннен кейін тиісті бөлімдерді «Ақтау теңіз порты» АЭА» АҚ техникалық бақылау және инфрақұрылымды дамыту департаментімен және/немесе техникалық шарттарды берген органмен келісу қажет.
3. Есептеу құралдарын орнату кезінде бастапқы көрсеткіштерді көрсете отырып, орнату актісін жасау және қол қою үшін осы құрылғыға төлқұжат беру қажет.

* Субаймақтар

- Сумен жабдықтау, кәріз желілеріне қосу бойынша ТШ - «Ақтау теңіз порты» АЭА» АҚ» береді;
- Газбен жабдықтау бойынша ТШ – «Ақтау теңіз порты» АЭА» АҚ "ҚазТрансГазАймақ" ӨҚФ-на көмек көрсетумен береді;
- Электр қуатымен жабдықтау бойынша ТШ - «Ақтау теңіз порты» АЭА» АҚ "АЭЖБ" МКК-на көмек көрсетумен береді;
- № 3 субаймақта және №1 субаймақта жұмыс жобасын газбен жабдықтау бөлімі "ҚазТрансГазАймақ"ӨҚФ-мен келісіледі.

Энергия ресурстарына тарифтер*

№ 1 субаймақ

1. Сумен жабдықтау - 254,23 тг/м3
2. Су бұру - 96,2 тг/м3
3. Электр қуатымен жабдықтау - 19,56/кВт/сағ
4. Газбен жабдықтау (Бағасы ҚҚС-сыз) - 21,42 / мың м3

№ 3 субаймақ

1. Сумен жабдықтау - 254,23 тг/м3
2. Су бұру - 62,5 тг/м3
3. Электр қуатымен жабдықтау - 19,56/кВт/сағ
4. Газбен жабдықтау (Бағасы ҚҚС-сыз) - 21,42 / мың м3

Инженерлік жүйелердің қуаты № 1 субаймақтар және №3 субаймақтар

1. Газбен жабдықтау
 - №1 субаймақта-1000 м3/сағат
 - №3 субаймақта-8000 м3/сағат
2. Сумен жабдықтау
 - №1 субаймақта-720 м3/күн
 - №3 субаймақта-720 м3/күн
3. Су бұру-шаруашылық
 - тұрмыстық, өндірістік
 - №1 субаймақта-720 м3/күн
 - №3 субаймақта-720 м3/күн
4. Электрмен жабдықтау
 - №1 субаймақта-80 МВт
 - №3 субаймақта-50 МВт

* Энергия ресурстарына тарифтер өзгеруі мүмкін

Эскиздік жобаны келісу рәсімі

1. Эскиздік жобаны келісу рәсімі «электрондық үкімет» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Құжаттар пакеті мыналардан тұрады:

- Эскиз (эскиздік-жоба) (міндетті түрде, біліктілік талаптары)
- Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш (электрондық түрде қалыптастырылады) (міндетті түрде, біліктілік талаптары) (мәліметтер нысаны)

2. Эскиздік жобаны әзірлеу, ол мыналардан тұрады:

- Ғимараттың (өндірістік объектінің түрі)
- Объектінің ситуациялық сызбасы
- Фотомонтаж

3. Эскиздік жобаны бекіту.

4. Сәулет-жоспарлау тапсырмасын алуға құжаттарды тапсыру.

5. Сәулет-жоспарлау тапсырмасын алу.

Ескертпе: 1) эскиздік жобаны бекіту рәсімі жер учаскесін ресімдеу аяқталғаннан кейін басталуы тиіс;
2) сәулет – жоспарлау ғимаратын алу рәсімі эскиздік жоба бекітілгеннен кейін басталуы тиіс.



Жобаға сараптама жүргізу тәртібі

1. Халыққа қызмет көрсету орталығында электрондық қолтаңбаны алу.
2. Сайтта жеке кабинет құру www.epsd.kz
3. Қажетті құжаттар пакетін жүктеу.
4. Ұсынылатын құжаттар тізбесін тексергеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде кіріс нөмірін алу.
5. Мынадай мемлекеттік мекемелерден қорытынды алу:
 - Маңғыстау облысы бойынша экология департаменті;
 - «Мемсараптама» РМК-ның;

Сондай-ақ, сараптама қорытындысын жеке ұйымдардан алуға болатындығын еске саламыз.

* *Сараптамаға ұсынылатын құжаттар тізімін сілтеме арқылы табуға болады www.epsd.kz*

Өндірістік объектіні пайдалануға беру тәртібі

1. Мердігерден (бас мердігерден) объектіні қабылдауды техникалық және авторлық қадағалаулармен бірлесіп тапсырыс беруші жүзеге асырады.
2. Мердігер объектінің пайдалануға қабылдауға дайындығы туралы тапсырысшыға жазбаша хабарлайды.
3. Тапсырыс беруші мынадай құжаттарды сұратады:
 - мердігерде-сәйкестік туралы декларация;
 - техникалық қадағалауда - құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытынды;
 - авторлық қадағалауда-орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытынды.
4. Тапсырыс беруші атқарушылық техникалық құжаттаманы тексереді, объектіні қарап тексереді, теріс қорытындылар болған кезде - мердігер бұзушылықтарды жояды, оң қорытынды болған кезде - мердігермен, авторлық және техникалық қадағалаулармен Объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қояды.
5. Тапсырыс беруші қол қойылған құжаттарды белгіленген үлгідегі ілеспе хатпен бірге

Халыққа қызмет көрсету орталығына жібереді, одан әрі Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркеледі.



БАЙЛАНЫСТАР

«Ақтау теңіз порты» АЭА» АҚ

Техникалық бақылау және инфрақұрылымды дамыту департаменті

E-mail: info@sez.kz

Тел.: +7 (7292) 20-40-30

Операциялық қызмет және корпоративтік даму департаменті

E-mail: info@sez.kz

Тел.: +7 (7292) 20-40-30

Экономикалық жоспарлау және бухгалтерлік есеп департаменті

E-mail: info@sez.kz

Тел.: +7 (7292) 20-40-30

Инвесторлармен жұмыс жасау және жобаларды мониторингілеу департаменті

E-mail: info@sez.kz

Тел.: +7 (7292) 20-40-30

Активтерді басқару және құқықтық қамтамасыз ету департаменті

E-mail: info@sez.kz

Тел.: +7 (7292) 20-40-30

УӘКІЛЕТТІ ОРГАНДАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Ақтау қаласының әкімдігі

Мекен-жайы: Ақтау қаласы, 4 шағын аудан., 72 ғимарат

Тел.: +7 (7292) 336-500

Ақтау қалалық жер қатынастары бөлімі

Мекен-жайы: Ақтау қаласы, 4 шағын аудан., 72 ғимарат

Тел.: +7 (7292) 504-074

Маңғыстау облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті

Кеден басқармасы

Мекен-жайы: Ақтау қаласы, 31 шағын аудан., 35 ғимарат

Тел.: +7 (7292) 403-401

«Теңіз порты» кеден бекеті

Мекен-жайы: Ақтау қаласы, Өмірзақ кенті

Тел.: +7 (7292) 301-247

«Теңіз порты» салық басқармасы

Мекен-жайы: Ақтау қаласы, 4 ш / а, 12 корпус

Тел.: +7 (7292) 301-211

Маңғыстау облысы бойынша экология департаменті

Мекен-жайы: Ақтау қаласы, 3 өндірістік аймақ, 10 ғимарат

Тел.: +7 (7292) 301-289

Маңғыстау облысының төтенше жағдайлар департаменті

Мекен-жайы: Ақтау қаласы, 24 ш / а, 6 ғимарат

Тел.: +7 (7292) 701-706, 701-708

Ақтау қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі

Мекен-жайы: Ақтау қаласы,

4 шағын аудан., 72 ғимарат

Тел.: +7 (7292) 504-709

Маңғыстау облысының кәсіпкерлер палатасы

Мекен-жайы: Ақтау қаласы, 35 шағын аудан., Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталық ғимараты

Тел.: +7 (7292) 30-40-40

E-mail: aktau@atameken.kz

Маңғыстау облысының инвестициялар және туризмді дамыту басқармасы

Мекен-жайы: Ақтау қаласы, 14 шағын аудан., облыс әкімдігінің ғимараты

Тел.: +7 (7292) 314-435

Маңғыстау облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті

Мекен-жайы: Ақтау қаласы, 9 шағын аудан., 23 үй

Тел.: +7 (7292) 421-416